

ШЫҒЫС ИСХОДЯЩИЙ	№	2
28	02	2014 ж.
«АСТАНА ҚАЛАСЫ МАСЛИХАТЫНЫҢ ГУ "АППАРАТ МАСЛИХАТА ГОРОДА АСТАНЫ»		

Астана қаласы маслихатының тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысының ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы

2017 жылғы 28 ақпан

«Астана қаласында иттер мен мысықтарды қамауда ұстау және жаяу серуендеу Ережесі туралы»

Астана қаласы маслихатының тұрақты комиссиялары «Астана қаласының ауыл шаруашылық басқармасы» ММ басшысы А.Е. Досановтың ақпаратын тыңдап және талқылап «Астана қаласында иттер мен мысықтарды асырау және олармен серуендеу Ережесін (бұдан былай – Ереже) талқылап, қалалық атқарушы құрылымдар мен ұйымдардың қолданыстағы Ережені жетілдіру бағытында ұсынымдар мен ұсыныстарды орындауда бірқатар жұмыстарды атқарғанын атап өтті.

Иттер мен мысықтарды қамауда ұстау және жаяу серуендеу Ережесінің сақталуын қадағалау мақсатында 2016 жылғы Астана қаласы бойынша 1894 ит пен мысықтың иелері әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 1,3 млн теңге көлемінде айыппұл салынды, 1760-на ескерту жасалды. Иттерді серуендеуге шығару талаптарын бұзылған жағдайында салынатын айыппұл мөлшері мен сомасы бойынша мәселе қайта қаралуда.

Фискальды органдарға тиісті сұраныстар жіберілді. Құқық бұзушы-иелерді жауапкершілікке тарту мәселесі салалық заңгерлермен жан-жақты қаралуда.

Астана қаласы маслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда, тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық мәселесі бойынша тұрақты комиссияның 2016 жылғы 14 қазандағы Қаулысын орындау мақсатында қолданыстағы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін ұсыныстарды дайындайтын қалалық маслихатының депутатынан, мемлекеттік құрылымдардың өкілдерінен, ветеринарлық ұйыдардан, кинология қызметі және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен жұмысшы топ құрылды.

Жұмысшы тобымен Астана қаласында иттер мен мысықтарды асырау және олармен серуендеу ережесінің жобасы мен салыстырмалы талдау жасалынды. Салыстырмалы талдау Ереженің түзетулер мен өзгерістерді енгізуді қажет ететін тармақтардан тұрады.

Жұмысшы тобымен Астана қаласында иттерді асырау және олармен серуендеу Ережесіне түзетулер анықталып, қабылданды. Ереженің қайталанып келетін мағыналары бірдей тармақтарын біріктіру қажеттілігі атап көрсетілді.

Жаңа терминдер бекітілді, «еркін серуенге шығару» және «серуенге шығару» ұғымдарының айырмашылықтары бойынша толықтырулар мен

өзгерістер енгізілді. «Қысқа қарғыбау», «ұзындығы бақыланатын қарғыбау» терминдерінің енгізілуі қуатталды.

Жануарлардан кейбір ауруларға міндетті түрде анализ алу талабы Ережеден алынып тасталды.

Жаңа Ереженің жобасында аса қауіпті ит тұқымдарын әкелу және өсіру бойынша шектеулер қоюды енгізу мәселесі қаралды.

Қаңғыбас жануарларды залалсыздандыру бойынша бағдарламаны дайындау мәселесі егжей-тегжейлі тексеруді және жан-жақты талқылауды қажет етеді. Мемлекеттік- жекеменшік әріптестік қағидасы бойынша баспана құру мәселесі талқылануда. Аталған жобаны қаржыландыратын инвесторлар мен серіктестерді іздестіру жүргізілуде.

Үй жануарларын тіркеу жүйесін жетілдіру үшін жұмысшы тобы тіркеу мәртебесін міндетті процедура санатына жатқызу туралы шешім қабылдады.

Мамандандырылған ұйымдардың тіркеу функциялары кейбір ветеринарлық клиникаларға беріліп, үй жануарларын тіркеудің жаңа жүйесі бекітілді. Мамандандырылған ұйымдарда және ветеринарлық клиникаларда міндетті вакциналогия жасауға тіркеу мерзімін ұзарту жөнінде өзгерістер қабылданды.

Қолданыстағы жобаға Астана қаласындағы иттер мен мысықтардың сәйкестіктерін интерфейс базасына салу арқылы тану туралы өзгерістер енгізуге шешім қабылданды.

Халықаралық интерфейске сай Астана қаласы бойынша бірыңғай ветеринарлық төлқұжаттың үлгісін дайындау жөнінде ұсыныс енгізілді.

Қалада эпизоотикалық жағдайды тұрақты қамтамасыз ету үшін қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулап және қырып жою туралы қолданыстағы Ережеге тиісті өзгерістер енгізілді.

Демеушілік көмек арқылы «Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Астана ветсервис» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының бірыңғай автоматтандырылған тіркеу мәліметтерінің базасын құру ұсынылды.

Қаңғыбас жануарларды залалсыздандыру жөніндегі қалалық бағдарлама дайындау үшін залалсыздандыру арқылы қаңғыбас жануарлардың көптеген мәселелерін шешу туралы халықаралық тәжірибе зерттелуде.

Иттер мен мысықтарды асырау Ережесін сақтау және жануарларды асырап алғанда иелерінде пайда болатын жауапкершілік жөнінде қала тұрғындарымен түсіндірме және оқыту жұмыстарының белсенділігі артты.

Сонда да, иттер мен мысықтарды асырау мәселелері бойынша атқарылған жұмыстарға қарамастан біршама кемшіліктер орын алуда. Қаланың тиісті орындарында уақытылы тіркеу және есебін жүргізу үшін аса қауіпті тұқымды иттердің мәліметтерінің базасын құру мәселесі әлі де ашық қалуда.

Жануарлар иелерінің Астана қаласында иттер мен мысықтарды асырау және серуенге шығару Ережесінің талаптарын бұзған жағдайда салынатын айыппұлдың мөлшері мен сомасы анықталмаған, сонымен қатар, иттердің ұқымына қарай потенциалды агрессивтік дәрежесін ескеріп иелеріне салық салуды енгізу де анықталмаған.

Аса қауіпті иттердің тұқымын алып келу және өсіруге шектеу қою мәселесі әлі шешілмеген. Қала көшелерінде қаңғыбас жануарлар санының азаюы мақсатында олардың иелерінің жауапкершілігін арттыруға бағытталған сұрақ зерртуді талап етеді. Қолданыстағы заңдар базасы жануарларына қатал қарағаны, әдейі көшеде қалдырып, жануарлардың бақылаусыз өсіргені, асыраудың санитарлық нормаларын бұзғаны үшін құқық бұзушы жануар иелерін тиімді және шұғыл түрде жауапкершілікке тартуға мүмкіндік бермейді.

Талқылау қорытындысы және жоғарыда айтылғандардың негізі бойынша қалалық маслихаттың тұрақты комиссиялары **ҰСЫНАДЫ:**

1. Астана қаласының әкімдігіне:

-Астана қаласында иттер мен мысықтарды асырау және серуендеу Ережелерінің талаптары жануар иелерімен бұзылған жағдайда салынатын айыппұлдың мөлшерін қайта қарау ұсынысына және иттердің потенциалды агрессивтік дәрежесін ескеріп ит иелеріне салық салуды енгізуде бастамашылдық жасау;

-тұрғын үйлер орналасқан аумақтарда серуендеу алаңдары анықталсын;

-тұрғын үйлерді жобалау кезінде иттерді серуендеуге арналған аланды салу құрылыс нормаларына сәйкес көзделсін;

-иттерді серуендеуге тыйм салушы ақпараттық белгілерін орнату мүмкіндігі қарастырылсын.

2. Астана қаласының «Ауылшаруашылық басқармасы» ММ

-токсоплазмамен ауырғандардың аурудың адамдар мен жануарлар арасында таралу деңгейі мен берілу жолдарын ескеріп, мысық иелеріне жылына бір рет токсоплазм ауруына міндетті анализ тапсыруын қарастырып, Ереженің 32 – тармағының 1-тармақшасында көрсетілген иттердің иелеріне қолданылып жүрген талаптарды жеңілдету мәселесін қарау;

-шаруашылық жүргізу құқындағы «Астанаветсервис» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынмен бірлесіп үй жануарларын тіркеу мәліметтерінің бірыңғай автоматтандырылған базасын құру, ол демеушілік көмектің арқасында астана аумағында тіркелген үй жануарларының есебін жүргізуге мүмкіндік береді;

-қолданыстағы Астана қаласында иттер мен мысықтарды асырау және олармен серуендеу Ережесіне өзгерістер және толықтырулар енгізу мемлекеттік органдар және қоғамдық бірлестіктермен келісім жасалсын;

-уәкілетті органдардың келісу нәтижелері бойынша Астана қаласында иттер мен мысықтарды асырау және олармен серуендеу Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар тұрақты комиссиялардың қарауына енгізілсін, кейіннен маслихат сессиясының қарауына шығарылсын.

3. Астана қаласы ішкі істер Департаментінің жергілікті полиция қызметіне ауылшаруашылық басқармасымен бірлесіп иттерді серуенге шығару және алып жүру тәртібінің қалада сақталуын бақылауды жүйелендірсін.

**Құрылыс, экология, транспорт,
сауда және тұрғын үй-коммуналды**

шаруашылық мәселесі бойынша
тұрақты комиссияның төрағасы



С. Жүнісов

Заңдылықты сақтау, құқық қорғау
және қоғаммен жұмыс жасау мәселесі
бойынша тұрақты комиссияның төрағасы



Ғ. Қасенов

Бюджет, экономика, өндіріс және
кәсіпкерлік мәселелері бойынша тұрақты
комиссиясының төрағасы



М. Шекенов

Әлеуметтік және мәдени даму мәселесі
бойынша тұрақты комиссияның төрағасы



М. Шайдаров